

**Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы
ЕСЕП**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D015– Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100/8D01507-Информатика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100/8D01507-Информатика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің 2025 жылы 5 отырысы өткізілді (01.01.2025–31.12.2025)

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі

Аймичева Гаухар Ислямовна, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;

Газиз Гульнур Газизқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Аймичева Гаухар Ислямовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Диссертация тақырыбы – Формирование логической компетенции по проектированию мобильных приложений у студентов по специальности «Информатика»

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Нурбекова Жанат Кунапиановна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; п.ғ.д., профессор Гриншкун Вадим Валерьевич, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті.

Диссертация Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылдың 23 мамыр айында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- «Информатика» мамандығы студенттерінің мобильді қосымшаларды жобалау бойынша логикалық құзыреттілігінің мәні, құрамы және компоненттерін айқындау негізінде «Информатика» мамандығы студенттерінің мобильді қосымшаларды жобалау бойынша логикалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі дәлелденген;

- «Информатика» мамандығы студенттерінің мобильді қосымшаларды жобалау бойынша логикалық құзыреттілігінің қалыптасу критерийлері мен деңгейлерін мобильді қосымшалардың алгоритмдерін жасау және архитектураны жобалау тұрғысынан айқындалған;

- «Информатика» мамандығы студенттерінің мобильді қосымшаларды жобалау бойынша логикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалған;

- «Информатика» мамандығы студенттерінің мобильді қосымшаларды жобалау бойынша логикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және мобильді қосымшаларды жасау дағдыларын жетілдіруге бағытталған оқыту әдістемесі жасалған.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасында 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. – Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы – 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы.

3 Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау

Диссертациялық жұмысты орындау барысында «Информатика» мамандығы студенттеріне арналған мобильді қосымшаларды жобалаудағы логикалық құзыреттілікті дамыту әдістемесі жасалып, оқу үдерісіне енгізілді. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де MOODLE платформасында IT студенттеріне арналған iOS мобильді қосымшаларын дайындау бойынша цифрлық білім беру ресурстарының жиынтығы (15 бірлік) жасалып (<https://moodle.enu.kz/course/view.php?id=12>) жарияланды. Бұл цифрлық білім беру ресурстарын болашақ IT мамандарын мобильді қосымшаларды жасауға оқыту барысында олардың логикалық құзыреттілігін дамытуда пайдалануға болады.

Газиз Гульнур Газизқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Диссертация тақырыбы – Виртуалды модельдерді қолдануға негізделген болашақ информатика мұғалімдеріне операциялық жүйелерді оқыту әдістемесі

8D01507 - Информатика білім беру бағдарламасы

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Бидайбеков Есен Ыкласович, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; Конева Светлана Николаевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; п.ғ.д., профессор Гриншкун Вадим Валерьевич, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылдың 29 қыркүйегінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- операциялық жүйелерді оқытуға арналған виртуалды модельдердің дидактикалық ерекшеліктері айқындалған;

- виртуалды модельдерді қолдануға негізделген, мақсаттық, мазмұндық, үдерістік және диагностикалық компоненттерді қамтитын болашақ информатика мұғалімдеріне операциялық жүйелерді оқытудың құрылымдықфункционалдық моделі жасалған;

- виртуалды модельдерді қолдану негізінде болашақ информатика мұғалімдеріне операциялық жүйелерді оқытудың мақсаты мен мазмұны нақтыланған;

- виртуалды модельдерді қолдану негізінде болашақ информатика мұғалімдеріне операциялық жүйелерді оқыту әдістемесі жасалып: операциялық жүйелерді оқытудың әдістері мен ұйымдастыру формалары айқындалып, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету дайындалған.

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Зерттеу жұмысының нәтижесі Білім беру саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ, Цифрландыру және инновациялар саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" Заңы. 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ, Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 614 бұйрығы. "Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 15 қазандағы № 578 бұйрығы. "Педагогикалық мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларына арналған талаптар туралы", Цифрлық даму министрлігінің бұйрықтары Қазақстан Республикасы Цифрлық даму министрінің 2024 жылғы 15 қарашадағы № 285 НҚ бұйрығы. "Мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" және ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары сәйкес келеді.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау*

Зерттеу барысында жасалған оқытудың оқу-әдістемелік қамтамасы, атап айтқанда “Операциялық жүйелер” атты жаппай ашық онлайн курсы, авторлық білім беру платформасы, зертханалық жұмыстар мен жобалық тапсырмалардан тұратын виртуалды модельдер негізінде операциялық жүйелерді оқыту әдістемесі зерттеудің практикалық маңызыдылығын көрсетеді. «Болашақ информатика мұғалімдеріне виртуалды модельдерді қолдану негізінде операциялық жүйелерді оқытудың тиімділігі» атты тақырыпта зерттеу жұмысына (№ 61573 21.08.2025 ж.) авторлық куәлік алынды.

Зерттеу нәтижесінде жасалған “Операциялық жүйелер” курсы бойынша білім беру платформасын және жаппай ашық онлайн курсы боллашақ информатика мұғалімдерін даярлауда, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде, информатика мұғалімдері іс-тәжірибесінде пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге)

Рецензенттер ретінде информатика, білімді ақпараттандыру салаларына үлес қосқан және докторанттың ғылыми бағыты сәйкес келетін ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторанттың диссертациясын талапқа сай талдап, өз шешімдерін ұсынды.

Аймичева Гаухар Ислямовнаның диссертациясының рецензенттері бойынша мәлімет:

Турганбаева Алма Рымбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02);

Киселёва Елена Анатольевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.02).

Газиз Гульнур Газизқызының диссертация рецензенттері бойынша мәлімет:

Ибашова Альмира Байдабековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд., профессор (Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.02);

Закирова Алма Булатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.02).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

- бітіруші кафедралар диссертацияны қорғауға ұсыну барысында зерттеу жұмысының сапасы мен құжаттардың талаптарға сәйкестігін қатаң бақылауға алуы қажет;

- ғылыми кеңесшілер мен докторанттардың диссертацияны қорғауға дайындау үдерісіндегі жеке жауапкершілігін күшейту қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	6D011100/8D01507- Информатика
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	2 (1)
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің
төрағасы


Бидайбеков Е.Б.
(қолы, тегі және аты-жөні)

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы


Сагимбаева А.Е.
(қолы, тегі және аты-жөні)

«31» желтоқсан 2025 жыл